

Сөздіктердің даму тарихы және түркі сөздіктері

Аңдатпа. Бұл мақалада түркі тілдерінің бастапқы кезеңінен күні бүгінге дейінгі сөздік түрлері мен сөздіктердің қолдануы ғылыми теориялық тұрғыда жан жақты қарастырылады. Ислам діні қабылданғаннан кейін араб, парсы тілдері ең маңызды тілдердің бірі болып, кейінірек батыста ғылымның дамуымен латын, грек тілін қолдану үрдіске айналды. Мақалада осман дәуірінде қолданыста болған сөздіктер мен түркі әлемі, шағатай тіліндегі сөздіктердің қазіргі таңда маңыздылығын түсіндіре отырып, сөздіктердің ішкі құрылымы мен ерекшеліктері сипатталады. Елдің ұлт болып сақталуын, халықтың рухани байлығының болашаққа бұлжытпай жеткізілуін сөздіктер қамтамасыз етеді. Яғни тілдің грамматикалық ережелері мен жүйесін сақтап қалатын грамматикалық кітаптар мен сөздіктер екі үлкен фактор екендігі мақалада баяндалады. Белгілі бір тілдің сөздіктері өз алдына сол замандағы тіл табиғатын зерттейтін, ілімдердің даму дәрежесін айғақ ретінде әрі сол кездегі актив қолданыстағы сөздік қорды көрсететін көмеңші дерек ретінде құнды тарихи ескерткіш болып табылады.

Түйін сөздер: сөздік, османлы тілі, шағатай тілі, шет тілі, түркі, лексикография.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2021-134-1-122-129>

Түсті: 16.02.2021 / Жарияланымға рұқсат етілді: 18.03.2021

Кіріспе

Тіл адамдардың бір бірімен хабар алысуының ең қажетті құралы болып табылады. Сан жылдар бойы халықтар тіл арқылы қарым қатынас жасауда және бір бірінің тілдерін үйренуде. Қазіргі жаһандану кезеңінде тіл үйрену негізгі қажеттіліктердің бірі. «Бір тіл білген - бір адам, екі тіл білген - екі адам» дегендей, көп тілді меңгерсең мемлекетпен мемлекет арасындағы қарым қатынасты нығайтуға, ұлт пен ұлттың арасындағы байланысты жеңілдетуге мол септігін тигізеді. Қазіргі заман талабының бірі, халықтар арасындағы байланыс құралының негізі - ағылшын тілінде болып тұр. «Ана тілін арың бұл, ұятың боп тұр бетте, өзге тілдің

бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп Қадыр Мырза Әли ағамыз айтқандай, адам үшін өмірдегі ең бағалы құндылықтың бірі ана сүтімен дарыған қасиетті - өз тілі. Тіл халықтың ең негізі байлығы. Көптілді меңгерудің басты себебі сол ұлттың тілінде ойлап рухани әлеміне қадам басып, мәдениетіне жақындай түседі. Адам мен адамды, ұлт пен ұлтты, халықты жақындастырады. Тіл білудің пайдасы адамның әлем тануы, қарым-қатынас жасауы, білімін арттыру мүмкіндігі екі - үш есеге артады.

Қазіргі таңда елбасымыздың жолдауы арқылы үш тұғырлы тіл білу негізге алынуда. «Әлемде Қазақстан халқы үш тілді білетін, жоғары білімді ел ретінде танылуы керек. Бұл: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс

тілі – ұлтаралық тіл, қатынас тілі және ағылшын тілі- жахандық экономикамен сәтті ықпалдасудың тілі» деді елбасымыз.

Жоғарыда көрсеткеніміздей тіл – мемлекеттер арасында мәдениет, білім, экономика, сауда және т.б. салаларда бір бірімен ынтымақтастығын нығайтатын, сондай ақ халықаралық қоғамдастыққа интеграциялануда тіларалық коммуникациясыны қамтамасыз ететін әлеуметтік құбылыс. Басқа тілдерді білмеу адамның дұрыс өмір сүруін қиындата түскендей. Себебі біз өмір сүріп отырған жахандану дәуірі шекараны білмейтін, көп тілде сөйлейтін заман. Өмір қажеттілігінен туындап отырған шет тілін үйрену үшін, білім алу үшін сөздіктердің маңызы зор. Өйткені, сөздіктер тілдік қазынаның баға жетпес қоры болып табылады. Шет тілінің лексикасын үйрену үшін сөздіктерге жүгіну орынды. Әлемде бір тілді толық меңгерген адам кемде кем. Себебі уақыт өте келе тарих пен тіл дамиды, көркейеді. Кей сөздер ұмытылып, кейбір сөздердің орнына жаңа сөздер қолданысқа келеді.

Сөздіктер тілдің құтқарушысы, қорғаушысы, сонымен қатар тілдің тұтастығын, грамматикалық ережелерін сақтап қалушы болып табылады. Тіпті еуропалықтар жабайы тілді халықтарды тану үшін олардың тілдерін грамматикалық сөздіктерінен үйренген. Ш.Сами өзінің «Камус-и турки» атты сөздігінде былай деп баяндайды: «Егер бір тілдің грамматикалық кітабы және сол тілдің түсіндірме сөздігі болмаса заман өте келе қолданысы жалпыланып, одан кейін жойылып кету қаупіне ұшырап және түсіндіріме сөздігі жоқ елдер тілдік қазынасын жоғалтады».

Зерттеу әдістері

Бұл мақалада сөздік атауынан бастап сөздік түрлері және қолданымы баяндалады. Сөздік алаңында жұмыс жасалған еңбектер көрсетіліп, сараланады. Түркі әлемінде жарық көрген алғашқы сөздік М.Қашқаридің «Диуани Лұғат ат Турік» атты еңбегінен бастап қыпшақ тілі, османлы тілі, шағатай

тілі, арабша/парсы тіліндегі сөздіктердің ішкі құрылымы талданады. «Түркі сөздіктерінің құрастырылудағы негізгі мақсаттары қандай?» сұрағына зерттеу жасалынады. Түркі сөздіктерінің шығу тарихы мен оның эволюциясы зерделенеді. Мақаламыздың методологиялық негізін отандық және түркі әлеміндегі сөздіктер құрап отыр. Яғни ұсынылып отырған еңбегімізде сөздіктерді тарихи- салыстырмалы сипатта баяндау, сипаттау және тұжырымдау әдістері қолданылды.

Талқылау және нәтижелер

Қазіргі таңда сөздіктердің түрлері өте көп, айтар болсақ лингвистикалық, филологиялық және анықтама сипатындағы энциклопедиялық сөздіктер және т.б. Жахандану үдерісі интернеттің дамуы онлайн, офлайн және аудио сөздіктердің пайда болуына әкеледі.

Энциклопедиялық сөздіктер - белгілі бір салаға байланысты ұғым, дерек, құбылыстар сипатталады, ал лингвистикалық сөздіктерде әліпбилік тәртіппен белгілі бір тілдің лексикасы мен фразелогиясын түсіндіруді мақсат етеді. Бұл сөздіктер әдеби тілдің әбден қалыптасып, халықтың тіл мәдениеті кемелденген тұста, сөз байлығын нормалық тұрғыдан сипаттау қажеттіліктерінен туындаған және келешек ұрпаққа тілдік мұра ретінде жеткізіледі. [1, 509]. Лингвистикалық сөздіктер болса өзара екі тілді немесе көп тілді аударма сөздіктер болып бөлінеді. Аударма сөздіктер бір тілдегі сөздердің екінші бір тілде балама сөздерімен беріліп, елдер арасында сөз алмасу үрдісін, өзара қарым қатынас жасауды дамытып жатса, түсіндірме сөздіктер сөздердің лексика- грамматикалық сипатын таныстырып, маңызды ақпараттық дереккөзін сақтаған рухани қазына ретінде қабылданады. Тіл білімінің түсіндірме сөздіктеріне бойынша О.С. Ахманова, І. Кеңесбаев, Т. Жанұзақов зерттеулер жасаған.

Көптеген елдерде өз тілдеріндегі ұлттық тілдің түсіндірме сөздіктерін жасау мемлекеттің тіл саясатының

негізгі бөлігі ретінде арнайы мемлекеттік бағдарламаларына енуде. Елбасының «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында ауқымды жұмыстар жасалынған. «Орфоэпиялық сөздік», «Орфографикалық сөздік», «Фразеологиялық Сөздік», «Синонимдер сөздігі» және т.б. сөздіктер, «Емлесі қиын сөздер», «Қазақ есімдері», «Қазақ жер су аттары» сынды көптеген нормативті сөздік анықтамалар шығарылған [2, 7].

Синонимдер – қай тілдің болса да тіл байлығының көрсеткіші, сөз қорының алтын сандық, асылқазынасы. [3, 9]. Соған байланысты синонимдер сөздігі сөздің экспрессивті – стилистикалық реңі мен мағынасын сол сөзге мағынасы жағынан жуық келетін басқа бір сөзбен түсіндіріп, синонимдік шоғыр жиынтығын құрауда. Омонимдер сөздік тұлғасы бір болып мағыналары әр түрлі сөздерді қамтиды, антонимдер сөздігі болса мағыналары қарама-қарсы сөздерді қамтиды. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі бойынша жасалынған еңбектер: *Бизақов С. «Синонимдер сөздігі», Бизақов С., Болғанбаев Ә., Дәулетқұлов Ш. «Қазақ тілінің синонимдер сөздігі»* сынды сөздіктер

Орфографикалық сөздік тілдің лексикасын жан жақты қамтып, сөздердің қалай дұрыс жазылуы керектігін көрсетеді. [4, 6]. Қазақ тілінің орфографикалық сөздіктері 1941 жылдан бастап кирил графикасына көшуіне байланысты түзіле бастады: *«Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі», Балақаева М., «Емле сөздігі», Сыздықова Р., Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш», «Емле және тыныс белгілері», Уәлиев Н., Алдашева А «Қазақ орфографиясында қиындықтар» Р.Сыздық, Н.Уәли, Қ.Күдерінова, А.Фазылжанова, Қ.Есенова, С.Жапақов, Н.Әміржанова, А.Әмірбеков. «Орфографиялық сөздік» және т.б. зерттеулер жасалынған. Орфоэпия – (грекшеден тура, дұрыс) ұлт тілінің нормасына сәйкес, оның дыбыстық құрылымының бірлігін сақтайтын, әдеби тілде тарихи кезеңдерде шыңдалып, тұрақталған ауызекі сөйлеу тілі ережелерінің жиынтығы болып табылады.*

[5, 3] Демек орфоэпиялық сөздік – сөздердің әдеби айтылуын және екпінін қамтитын сөздік. Орфоэпиялық сөздіктер ішінде алғаш 1977 жылы Қ.Неғалиеваның *«Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі»* Кейінірек 1981 ж. М. Дүйсебаеваның *«Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігі»* жарыққа шықты.

Сөзжасамдық сөздік тілде қолданыста бар негізгі және мәнді сөздердің сөзжасамдық құрылысын айқындайды. Бұл сөздікте бір түбірден тараған сөздер таратылып көрсетеді де, қазіргі динамикалық дамудағы сөйлеу тіліндегі болып жатқан сөзжасамдық үдерістердің көрінісі сипатталады. [6, 6]. Фразеологиялық тілдегі тұрақты тіркестер яғни идиомдар мен фразеологизмдердің мағынасын түсіндіре отырып стилистикалық сипатын айқындайды. Этимологиялық сөздіктер әрбір сөздің тарихын, шығу жерін түсіндіреді. Орфоэпиялық сөздіктер болса сөздердің дұрыс жазылуын, орфоэпиялық сөздіктер дұрыс айтылуын білдіреді. Түркітануда этимологиялық сөздіктің тарихы *А. Вамберидің «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі»* атты еңбегімен бастау алады, 1969 ж. М. Рясненнің *«Түркі сөздерінің этимологиялық сөздік тәжірибесі»*, ағылшын ғалымы Дж. Клосонның *«13 ғасырға дейінгі түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі»*, *Ысқақов А., Сыздықова Р., Ш. Сарыбаевтің «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі»* атты еңбектер этимологиялық сөздіктер арасында ерекше орын алады

Терминологиялық сөздіктер – сөздіктердің ішіндегі белгілі бір салаға байланысты терминдермен түсіндіріледі және қолданысына қарай терминологиялық сөздердің түрлері кәсіп салаларында әрдайым толығып отырады. Мысалға: «Техникалық терминдер сөздігі» техника мен ғылымның барлық салаларының, оның ішінде әсіресе жалпы техника, машинажасау, тау-кен, құрылыс автомобиль – жол машиналары, металлургия, геология, мұнай газ, ауыл шаруашылығы техникасы, электроника, радиотехника және байланыс саласындағы терминдерді толық қамтыған. [7, 11] Бұл

терминологиялық сөздіктер белгілі бір саладағы қолданбалы зерттеудің ағымдағы күйін жазуға көмектеседі және тілдің салыстырымалы дұрыстығын білдіре отырып ең маңызды анықтамалық жұмыс және білім қорына айналады. Түрік ғалымы Өзтүрк И. терминологиялық сөздіктерге байланысты былай деп пікір білдірген:

«Терминологиялық сөздіктер пайдалы және ең қажетті сөздіктердің бірі болып табылады. Бірақ бұл сөздіктерде мәтінде тілдің қалай қолданылатынна байланысты жол көрсетуші тарапы жеткіліксіз.» [8, 67]. Ал белгілі бір тілде сөйлейтін елдердің ұлттық ерекшелігін сипаттайтын сөздіктер лингвоелтану сөздіктері болып табылады.

Жер су аттарын түсіндіре отырып сөздің көркемдігімен ұлттық тіл байлығын қолдану ерекшеліктерін тануға арналған топонимикалық сөздіктер де бар. Аттары аталған сөздіктерден басқа да диалектологиялық, жаңа атаулар, ономастикалық және де тағы басқа сөздік түрлері жетерлік. Айталық, сөздіктердің электронды түрі.

Сөздіктердің шығу тарихы

Шығыста сөздік жазу батыстың сөздіктеріне қарағанда ертеден дамыған. Себебі ислам дінін қабылдағаннан кейін шығыс мұсылман елі үшін араб тілі ғылым тілі болып саналды. Барлығымызға белгілі ең алғашқы түрік сөздігі бұл Махмұд Қашқаридың «Диуани Луғат ат-түрк» сөздігі. Сөздіктің негізгі мақсаты арабтарға түркіше үйрету болып табылады. Өз кезеңінде жазбаша тілдің грамматикалық ережелері мен сөздік қорын жинақтаған Қашқари сөздікте стандартты тіл шеңберінде басқа түркі тайпалары диалектілері арасындағы фонетикалық және лексикалық айырмашылықтарды егжей тегжейлі зерттеген. Кейде бұл сөздікке түркі тілдерінің морфологиялық тұрғыдан ұқсастық пен айырмашылықтарын көрсеткені үшін «Түркі тілдерінің сөздігі» деп те атайды. [9, 11].

Хижри күнтізбесінің алғашқы ғасырында Александриялық Памфилюстың 95 кітаптан құралған грек тілі сөздігі және Маркус Верриус Флакустың латын тілінде дайындаған сөздіктерін алғашқы сөздіктер болып табылады. Одан кейін батыс пен шығыста көптеген маңызды сөздіктер және энциклопедиялық сөздіктер пайда болды. Дүниеде алғашқы рет сөздік термині 1225 жылы Джон Гарланд тарапынан қолданылса да осы уақытқа дейін бірнеше маңызды этимологиялық сөздіктер де жасалынған еді. Шығыста лексикографиялық сөздік қолданудың терең тарихы бар. Ал батыс әлемінде болса лексикографиялық сөздікті қолдану кейінгі ғасырларда ғана бастаған [10, 72].

Жалпы Түркі әлемінде дайындалған сөздіктерді **қыпшақ тіліндегі, шағатай тіліндегі және осман тіліндегі сөздіктер** деп үш топта қарастыра аламыз.

Қыпшақ тілінде жазылған ең ескі сөздік бұл Земахшеридің «Мукаддиматуль Едеб» сөздігі. Бұл сөздік араб, парсы, түрік, моңғол тілі болып құрастырылған. Христиан дін адамдарына қыпшақ тілінің үйрету мақсатында жазылған «Кодекс – Куманикус» сөздігі болса латын- парсы - куман тілі ретімен жазылған. Қыпшақ тілінде жазылған сөздіктердің тағы да бір маңыздысы бұл Әбу Хаййамның «Китабуль идрак ли Лисануль Етрак» сөздігі. Бұл сөздіктің ерекшелігі арабша - қыпшақша тілінде сөз аудармаларымен қоса грамматиканың да берілуінде.

Орта ғасыр араб графикасымен шағатай тілінде жазылған сөздіктердің ішіндегі ең маңыздысы бұл «Абушка» сөздігі. XVI ғасырдың басында Анатоли аймағында жазылған бұл сөздікте араб және парсы тілдерінен енген кірме сөздер көптеп кездеседі. Яғни шағатай тіліндегі сөздердің оғыз түркілері тіліндегі баламалары берілген. Және Әлішер Науаидің «Мұқаддимат әл-луғатәйн» атты сөздігінде болса түркі және парсы тілдерін, әдебиетін салыстыра отырып, түрік тілінің парсы тілінен қарағанда үстемділігін көрсеткен.

Шағатайша сөздіктердің бірі ретінде Мырза Мехди ханның жазылған «Шәңлах» атты лексикографиялық еңбегін айтуға болады. Бұл сөздік екі бөлімнен құралған. Бірінші бөлімде грамматика яғни тілдің ережелеріне орын берілсе, екінші бөлімінде шағатай тілінде сөздік ретінде жазылған. Османлы тілінде жазылған алғашқы сөздіктердің көбінесе қол жазба ретінде сақталған және көбі өлең жолдарымен түзілген. Уақыт өте келе баспалар пайда болды. Афионқарақисары Мустафа Ахтеридің дайындаған «Ахтери Кебир» атты сөздігі қырық мың жолдан астам араб және түрік тілдерінде жазылған.

«Китап-ы Лугат-ы Ванкулу» сөздігі 1729 жылы В.Мехмет қаламынан шыққан.

«Сыхах-ы жевхер» сөздігі Фараблы Жевхеридің арабша сөздігінің түрік тіліне аудармасы болып табылады. Бұл османлы мемлекетінде типографиядан басылып шыққан алғашқы сөздік болуымен ерекшеленеді.

«Тухве-і Вехви» сөздігі Сумбульзаде Вехвидің (1719-1809) өлең жолдарымен жазылған сөздіктерінің бірі. Ол араб және парсы тіліндегі сөздердің баламаларын береді. Османлы мектептерінде көптеген жылдар оқу құралы ретінде осы сөздікті қолданған.

Шығыс әлемінің ен маңызды сөздіктердің тізімі ірі Фараблы Әбу Наср Исмаил Жевхеридің «Таж-уль-лугат-ы» және «Сыхах-уль-Арабийе» сөздіктері араб тіліндегі сөздіктерарасында ерекше орыналады. XIV-XV ғасырларда өмір сүрген Ирандық араб тілшісі *Әбу Тахир Мұхаммед бин Якуб Фирузадабидің* 60 томдық «Әл Камус-уль Мухит» атты сөздігін атап өтуіміз қажет. Кейіннен 18-ші ғасырда бұл сөздік Мутерджим Асым түрік тіліне аударған-ды.

Тебризли Хусейін Бин Халефидің «Бурхан-ы Каты» атты парсы тілінде жазылған сөздігін (1652 жылы жазылып 1836 жылы басылды) Мутерджим Асым «Тыбиян-ы Нафи дер Тержуме-и Бурхан-ы Каты» атымен түрікшеге аударып жазады. Мутерджим Асым аударманы жасаған кезде басқада ақпарат көздерін пайдалана отырып, жаңа ақпараттар қосып, парсы тіліндегі сөздерге балама

ретінде түрік сөзін қосқан. Жазба әдеби тілде кездеспейтін кей сөздердің баламалары ретінде Антеп диалектіндегі сөздер де беріліп отырған. Мутерджим Асымның келесі аударма сөздігі бұл Мухамед Фирузе Бадидың араб тіліндегі «Камус-уль мухит» атты сөздігі. Бұл сөздікті Мутерджим Асым 1810 жылы үш том етіп «Ел-оқуянус-уль-басит фи тержемет-уль-камус-уль мухит» деген атаумен түрік тіліне аударды. Тіпті бұл кітапта автордың дәрежі саналатын сөздері де табылады.

Сол кезеңдерде сөздіктердің бір қатары діни мазмұнда жазылған. Құран және діни деректерде кездесетін араб тіліндегі сөздердің түрік тіліндегі баламасы берілген. Түрік халқы құран тілін дұрыс түсіне алу үшін тематикалық түрде дайындалған. Бұл сөздіктердің ең танымалы Фериште Ибни Меликтің 1392 жылы жазылған «Фериштеоглу Лугаты» атты еңбегі болып табылады.

Османлы империясында баспахана ашылғаннан кейін лексикографиялық еңбектердің жариялануы аз уақыт ішінде қарқынды түрде дамыды. Және көбісінің негізгі мақсаты түрік тілінің сөздік қорының көлемін анықтауға арналған.

1873-1876 жылдары жарық көрген А.Вефиктің «Лехче-и Османи» атты екі томдық еңбегі түрік тілінің сөздік қорының маңызын көрсететін сөздіктердің бірі және өзінен кейінгі көптеген зерттеушілердің қайнар көзі болған.

Ж.Вильямның «Редхаус» және «Китабы маани-уль-лехче» атты екі томдық сөздіктер түрік тілінен ағылшын тіліне аударылған. Сондай ақ араб және парсы тілдеріндегі сөздіктердің баламалары берілген.

Муалим Нажидың «Лугат-ы Нажи» атты еңбегі түрікше, парсыша үш тілдік сөздік болып табылады. Осы кезеңдегі ең танымал және маңызды сөздік бұл Шемсеттин Самидың «Қамус-ы Турки» сөздігі. Кейінірек бұл сөздік «Хаят-Буюк Түрк сөздігі» деп үш том болып 1985 жылы «Темел Түрікше Сөзлүк камус-ы Түрки» атымен қосымшамен өзгертулер енгізіп жарияланды. Шемсеттин Сами сол дәуірдегі түрік және шет тілдерінен

енген кірме сөздерге түсініктеме жасап қана қоймай, кей сөздеріне мысал келтіре отырған.

1902 жылы жоғарғы оқу орындары үшін дайындалған Али Назиманың «Мукеммел Османлы лугаты» атты еңбегі түрік тілдеріндегі түрікше және арабша сөздердің түсіндірме сөздігі болып саналады.

Түркия республикасы құрылып жазу және жазба әдеби тіл реформасы жасалған соң түрік тілінің дамуына жол ашатын және маңызын арттыра түсетін сөздіктерге деген қажеттілік туындады. Дайындалатын бұл сөздіктердің түрік тілінің сөздік қорының саралануы арқылы, оқулықтардың орнын толтыру мақсатында сөздіктер жасау, кірме сөздердің түрікше баламасы болған жағдайда тек түрікше сөздерді қолдану жоспарланды. 1928 жылы Түрік тілі комитеті түрік жазба тілінде кездесетін қиындықтарды шешу мақсатында араб және латын әріптерімен «Имла Лугаты» деген атаумен орфографиялық сөздік жасап шықты. Түркия республикасы латын әліпбиін қабылдаған соң 1930 жылы И. Алаеттин, А. С. Тевфик және К.Садидің авторлығымен «Мени Турк Лугаты» атты алғашқы сөздік жарыққа шықты. Латын әліпбиімен дайындалған бұл сөздікте 30 000 сөз реестрге алынған.. Осыдан кейін Түркия республикасында көптеген түсіндірілмелі, анықтамалық және екі, үш тілді сөздіктер жарияланды.

Қорытынды

Сөздік – халықтың игілігіне айналатын, руханияты мен мәдениетін айқындай түсетін, сөздің құдірет-күшін сақтап ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін негізгі мұра. Ғалым, зерттеуші, жазушы, журналист, аудармашы, студент үшін сиқырлы күш, ең бастысы тілдің бақылау механизмі болып табылады. Сөздік қорымызды күшейту үшін сөздіктердегі сөздің баламасын, этимологиялық тарихын білу қажет. Ұлттық тілдің түсіндірме сөздіктерін жасау, әдеби тілдің әбден қалыптасып, сөз байлығын нормалық тұрғыда сипаттап, ұлттар арасында сөз алмасу үрдісін нығайту үшін рухани қазына және қорғалуы қажет құндылықтардың бірі деп санауға болады.

Қазіргі таңда түрлі сөздіктер жазылып, жариялануда. Сөздік зерттеу жұмыстары әр уақытта өз маңыздылығын жоғалтпайды, себебі күн сайын жас ұрпақпен бірге жаңа сөздер қолданысқа енері анық. Тіл үйренуші, зерттеуші, аудармашылар бұл өзгерістер мен жаңалықтарды әрдайым назарында ұстап, өзіндік зерттеулерін тоқтатпау қажет деп санаймыз. Мақаламызда тақырыпқа арқау болған түркі әлемінде дайындалған сөздіктерді: қыпшақ тіліндегі, османлы тіліндегі және шағатай тіліндегі сөздіктер деп үш топта қарастырдық. *Қыпшақ тіліндегі сөздіктер*: Земахшеридің «Мукаддиматуль Едеб» сөздігі; «Кодекс – Куманикус», Әбу Хаййамның «Китабуль идрак ли Лисануль Етрак» сөздігі. *Шағатай тіліндегі сөздіктер*: «Абушка» сөздігі; Әлішер Науаидің «Мұқаддимат әл-лұғатәин» сөздігі; Мырза Мехди ханның «Шәңлах» сөздігі. *Османлы тіліндегі сөздіктер*: Мустафа Ахтеридің «Ахтери Кебир» сөздігі; «Китап-ы Лугат-ы Ванкулу» сөздігі, «Сыхах-ы жевхер», «Тухве-і Вехви», «Таж-уль-лугат-ы», «Сыхах-уль-Арабийе», «Әл Камус-уль Мухит», «Бурхан-ы Каты», «Камус-уль мухит», «Лехче-и Османи», «Китап-ы маани-уль-лехче», «Лугат-ы Нажи», «Қамус-ы Турки», «Темел Түрікше Сөзлүк камус-ы Түрки», «Мукеммел Османлы лугаты» сынды сөздіктердің ішкі құрылымын және қолданысын сипаттауға тырыстық. Сөздіктердің жалпы мақсаты тіл үйрету: яғни қыпшақ тілін, шағатай тілін, османлы/ түрік тілін үйрету болып табылады. Аталмыш сөздіктерде мақсат етілген тілдің яғни бір тілден екінші бір тілге аудармалары берілген. Кейбір сөздіктерде сөздің аудармасы мен баламаларын ғана беріп қоймай, мысалдар келтіре отырып қолданысын көрсеткен. Тілдің грамматикаларын, парсы тілінен қарағанда түрік тілінің үстемдігін, түркі тілінің сөздік қорының маңызын көрсетуді сөздіктер мақсат еткен.

Тұжырымдай келе мақаламызда қарастырылған түркі сөздіктері тарихи мән-мазмұны, түркі елдеріндегі қолданыстағы ауқымы, көнелілігі мен өміршеңдігі жағынан түркі әлемін зерттеуші жас ұрпақ, ғалымдарға өз септігін тигізер деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Нысанбаев Ә. Қазақ тілі. Энциклопедия / Ә. Нысанбаев. - Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998. - 509 б.
2. Қоңыров Т. Тұрақты тенеулер сөздігі / Т. Қоңыров. - Алматы: Арыс баспасы, 2007. - 408 б.
3. Бизақов С. Синонимдер сөздігі / С. Бизақов. - Алматы: Арыс баспасы, 2007. - 640 б.
4. А. Абдрахманов А., Джарекешева Г., Кенесбаев С., Кордабаев Т., Мусабаев Г., Мусалдаев А., Неталиева К., Хасенова А. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі / А. Абдрахманов, Г. Джарекешева, С. Кенесбаев, Т. Кордабаев, Г. Мусабаев, А. Мусалдаев, К. Неталиева, А. Хасенова. - Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1963. - 578 б.
5. Неталиева Қ. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі / Қ. Неталиева. - Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977. - 399 б.
6. Салқынбай А.Б. Қазақ тілінің сөзжасам сөздігі / А.Б. Салқынбай. - Алматы: Қазақ университеті баспасы, 2016. - 468 б.
7. Құдайбергенов Р. Техникалық терминдер сөздігі / Р. Құдайбергенов. - Алматы: Таймас баспа үйі, 2009. - 616 б.
8. Öztürk I. Fachsprachliche - Orientierte Übersetzungsprobleme (Meslek Diline Yönelik Çeviri sorunları), T.C. SAÜ Rektörlüğü yayını No: 21, Sakarya, 1997.
9. Қашқари М. Түрік сөздігі том 1 / М. Қашқари. - Алматы: Арда+7 баспасы, 2017. - 592 б.
10. Aksan D. Her Yönüyle Dil / D. Aksan. - Ankara: Türk Dil Kurumu, 1990. - 244 s.
11. Sami Sh. Kamus-i Turki / Sh. Sami. - Istanbul: Enderun Yayınları, 1989. - 458 s.

E.A. Montanay

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

History of the development of dictionaries and dictionaries of the Turkic language

Abstract. The article provides a comprehensive scientific and theoretical study of the types of dictionaries and their use from the earliest times of the Turkic languages to the present day. After the adoption of Islam, Arabic and Persian became one of the most important languages. Later, with the development of science in the West, the use of Latin and Greek languages became a trend. The article describes the internal structure and features of dictionaries used in the Ottoman era and the Turkic world. It also explains the importance of dictionaries in the Chagatai language. Dictionaries ensure the preservation of the country as a nation, the steady transfer of the spiritual riches of people to the future. The author considers that grammar books and dictionaries are two important factors that preserve the grammatical rules and system of the language. The dictionaries of a particular language are valuable historical monuments as a study of the nature of the language of that time, as evidence of the level of development of doctrines, and auxiliary data showing the active vocabulary of that time.

Keywords: dictionary, Ottoman language, Chagatai language, foreign language, Turkic, lexicography.

Э.А. Монтанай

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

История развития словарей и словарей тюркского языка

Аннотация. В статье дается всестороннее научно-теоретическое исследование типов словарей и их использования с древнейших времен тюркских языков до наших дней. После принятия ислама арабский и персидский языки стали одними из важнейших языков, а позже, с развитием науки на Западе, использование латинского и греческого языков стало тенденцией. В статье описывается внутренняя структура и особенности словарей, использовавшихся в османскую эпоху и тюркском мире, объясняется важность словарей в чагатайском языке сегодня. Словари обеспечивают сохранение страны как нации, неуклон-

ную передачу духовных богатств народа в будущее. В статье говорится, что грамматические книги и словари – это два важных фактора, которые сохраняют грамматические правила и систему языка. Словари того или иного языка сами по себе являются ценным историческим памятником как исследование природы языка того времени, как свидетельство уровня развития доктрин и как вспомогательные данные, показывающие активную лексику того времени.

Ключевые слова: словарь, османский язык, чагатайский язык, иностранный язык, тюркский, лексикография.

References

1. Nysanbayev A. Qazaq tili. Enciklopediya [The Kazakh language. Encyclopedia], (Qazaqstan Respublikası Bilim, madeniet jane densawlıq saqtaw ministrligi, Qazaqstan damw institwtı, Almaty 1998, 509 p.), [in Kazakh].
2. Qonyrov T. Turaqtı tenewler sözdigi [Dictionary of constant equations], (Arys baspasy, Almaty, 2007, 408 p.), [in Kazakh].
3. Bizakov S. Sinonimder sözdigi [Dictionary of synonyms], (Arys baspasy, Almaty, 2007, 640 p.), [in Kazakh].
4. Abdrakhmanov A., Dzharekesheva G., Kenesbaev S., Kordabaev T., Musabayev G., Musaldayev A., Netalieva K., Hasenova A. Qazaq tilinin orfografiyalıq sozdigi. [Spelling dictionary of the Kazakh language], (Qazaq KSR Gılım akademiyasının baspası, Almaty, 1963, 578 p.), [in Kazakh].
5. Netalieva K. Qazaq tilinin orfoepiyalıq sozdigi. [Orthoepical dictionary of the Kazakh language], (Qazaq KSR-nin «Gılım» baspası, Almaty, 1977, 399 p.), [in Kazakh].
6. Salqınbay A.B. Qazaq tilinin sozjasam sözdigi [Dictionary of word formation of the Kazakh language], (Qazaq wniwersitetinin baspası, Almaty, 2016, 468 p.), [in Kazakh].
7. Qudaybergenov R. Texnikalıq terminder sozdigi. [Dictionary of technical terms], («Tayms» baspasy, Almaty, 2009, 616 p.), [in Kazakh].
8. Öztürk I. Fachsprachliche - Orientierte Übersetzungsprobleme (Meslek Diline Yönelik Çeviri sorunları), T.C. SAÜ Rektörlüğü yayın No: 21, Sakarya, 1997.
9. Qashqari M. Türik sözdigi tom 1. [Turkish dictionary volume1], (Arda + 7 baspası, Almaty, 2017, 592 p.), [in Kazakh].
10. Aksan D. «Her yonuyle dil» [All-around language], (Türk Dil Kurumu, Ankara, 1990, 244 p.), [in Turkish].
11. Sami Sh. Kamus-i Turki [Kamus-i Turki], (Enderun Yayınları, Istanbul, 1989, 458 p.), [in Turkish].

Автор туралы мәлімет:

Монтанай Элмира Әзімбайқызы – Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Шығыстану факультеті, Түріксоy кафедрасының оқытушысы, докторант, Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Montanay Elmira Azimbaykyzy – lecturer, doctoral student of the Al Farabi Kazakh National University, TURKSOY Department, Faculty of Oriental Studies, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.